Созақ ауданы білім бөлімінің

Нәзір Төрекұлов атындағы IT мектеп-лицей

Мектеп кітапханасының жылдық жұмыс жоспары

2024-2025 оқу жылына арналған

«Бекітемін»

Мектеп директоры

-------- ---- М.Байс

20 тамыз 2024 жыл

Н. Төрекұлов атындағы IT мектеп-лицей кітапханасының 2023-2024оқу жылында өткізілген іс-шаралар қорытындысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес Нәзір Төрекұлов атындағы IT мектеп-лицейінің кітапханасында 2023-2024 оқу жылында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектепішілік жоспар жасалынып директордың бұйрығымен бекітілді. Жобаға жауапты мамандар кітапханашылар мен әдебиет пәнінің оқытушылары мен сынып жетекшілер бекітілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты; оқушыларды кітап оқуға қызығушылықтарын қалыптастыру, оқу мәртебесін, оқу белсендігі және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойына жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, мәдени және оқу құзіреттілігін дамыту, отбасылық кітап оқу дәстүрін жаңғырту мақсатында төмендегі жұмыстар атқарылды:

Мектеп кітапханасы қорындағы кітап -32822 дананы құрап отыр. Оның 25866 данасы оқулық, 6742 данасы көркем әдебиет, 214 дана әдістемелік кітаптар.

Биылғы жылдың тамыз айында сыныптарға оқулықтар тасымалданып алынды.

Жалпы мектеп бойынша 1-11 сынып оқушылары оқулықпен қамтамасыз етілуі 99%-ды құрап отыр. Оқушылардың қолындағы оқулықтардың тазалығы, сақталуы сынып жетекшілерімен бірге тексеріліп тұрады.

Мектеп кітапханасында 2023-2024 оқу жылында жылдық жоспар бойынша жоспарланған жұмыстар жүргізілді. Кітапхана оқырмандарға қызмет ету жұмыстары, оқушыларға әдебиеттерді насихаттау, атаулы күндерге байланысты жүргізілетін жұмыстар өткізілді.

30 тамыз ҚР Конституциясы күніне «Конституция-еліміздің Ата Заңы» мерекесіне орай көрме ұйымдастырылып, оқушыларға шолу жасалынды.
Көрме шолудың мақсаты: оқырмандарға еліміздің Ата заңы жөнінде түсінікті тереңдету.

4-5 қыркүйек аралығында Тіл мерекесіне орай «Тілдің мерейі-елдің мерейі» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, 3-4 сынып оқушылары арасында «Тілім менің тірегім тақырыбында мәнерлеп оқу өтілді.

1 қазан қарттар күніне «Қарттарым асыл қазынам» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. 7 «а» сынып оқушыларымен (сынып жетекшісі Л.Катеева) «Қарттарым асыл қазынам» мерекелік шара өттілді.

6 қазанда Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтың туғанына 145 жыл толуына орай 5 «г» сынып оқушыларымен өмірі мен шығармашылығына кітапханалық шолу өтілді.

9 қазанда Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына 6 сынып оқушыларымен «Жақұты барға жасын түспейді» тәрбие сағаты өтілді.

10 қазанда Абай дара, Абай дана. «Жүрегімнің түбіне терең бойла» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өтілді.

11 қазанда Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушы Ж.Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай 9 «ә» сынып оқушыларымен жазушының өмірі мен шығармашылығына библиографиялық шолу өттілді.

13 қазанда ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына орай 8-9 сынып оқушыларымен Шәкәрім шығармаларына библиографиялық шолу өтілді.

25 қазанда Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» атты шығармасы бойынша 8 сынып оқушыларымен конференция өтілді.

10 қарашада Мемлекет және қоғам қайраткері, ұстаз, ғалым, публицист жерлесіміз Сұлтанбек Қожановтың мұражайына 9 сынып оқушыларымен саяхат жасадық.

15- қараша Ұлттық валюта теңге күніне орай «Ұлттық теңге-мақтанышымыз» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен топтық жұмыс өтілді.

24 қарашада С.Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай 5 сынып оқушыларымен «Сүйемін туған тілді-Анам тілін» тақырыбында ақын өлеңдерін жатқа айту өтіледі.

1 желтоқсанда Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында «Дені сау адам бақытты» 3-4 сынып оқушыларымен әңгіме өтілді.

5 желтоқсанда Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толуына орай өмірімен таныстыру өтілді 6-7 сынып оқушыларымен.

8 желтоқсанда Ақын, ойшыл, ғұлама суфизм поэзиясының негізін қалаушы Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері Қожа Ахмет Яссауидің туғанына 930 жыл толуына орай 8-9 сынып оқушыларымен танымдық сағат өтілді.

11 желтоқсанда Білімді мыңжы жығар. «1001 мақал, 101 жұмбақ» тақырыбында 7 сыныптармен сайыс өтілді.

10 қаңтарда 1-сынып оқушыларын кітапханамен таныстырдық. «Кітапханаға саяхат»

12-қаңтарда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Парасаттылық» тақырыбында 5 «ә» сынып оқушыларымен сынып сағаты өтілді.

13-қаңтарда «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында 4 сынып оқушылармен өз оқыған ертегілерін қорғады.

7-ақпанда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 6 сынып оқушыларымен «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» тақырыбында сайыс өтілді.

9 ақпанда Абайдың «Толық адам ілімі» тақырыбында 8-10 сынып оқушыларымен танымдық сабақ өтілді.

9 ақпанда Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Жырлайды жүрек» атты әдеби сазды кеш өтілді. 5 «в» сынып оқушыларымен.

15 ақпанда Әдептілік, ізеттілік негізі. «Әдептілік-әдемілік» атты 6 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өтілді.

6 наурызда 8-Наурыз Халықаралық аналар күніне орай. «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған» тақырыбында 5 сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өтілді.

7 наурызда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 5-6 сынып оқушылар арасында «Анама тартуым» тақырыбында мәнерлеп оқу ұйымдастырылды.

14 наурызда «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Көктем аруы-2024» 3 сынып оқушылары арасында жарыс болды.

2-сәуір Халықаралық балалар кітабы мерекесіне орай Кітап білім бұлағы. «Кітап –рухани байлық көзі» 5-сынып оқушыларымен пікір алмасу өтілді.

«Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар ұлт» жобасы аясында пән әдіс бірлестіктері арасында 10 сәуір мен 10 мамыр аралығында берілген көркем әдеби шығармаларды талқылау болды.

10 сәуірде Қазақ тілі мен әдебиеті бірлестігімен Ғ. Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романын талдады.

12 сәуірде Орыс тілі мен әдебиеті бірлестігімен Т.Әбдіктің «Оң қол» шығармасы талданды.

16 сәуірде Ағылшын бірлестігімен М.Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» шығармасын талдадық.

6 мамырда Мектепалды даярлық бірлестігімен Б.Момышұлының «Арпалыс» романы талданды.

10 мамырда Бастауыш бірлестігімен Ш.Айтыматовтың «Жан пида» романы талданды.